ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ
«АРЫС ҚАЛАСЫНЫҢ ТҰРҒЫН ҮЙ-КОММУНАЛДЫҚ ШАРУАШЫЛЫҚ, ЖОЛАУШЫЛАР КӨЛІГІ ЖӘНЕ АВТОМОБИЛЬ ЖОЛДАРЫ БӨЛІМІ»
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧЕРЕЖДЕНИЕ
«ОТДЕЛ ЖИЛИЩНО-КОММУНАЛЬНОГО ХОЗЯЙСТВА, ПАССАЖИРСКОГО ТРАНСПОРТА И АВТОМОБИЛЬНЫХ ДОРОГ ГОРОДА АРЫС»
ТУРКЕСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ

160100 ,Арыс қ., Әл-Фараби көшесі, 3
тел.: 8 (72540)5-92-20, ММ коды 4583505;
БСК KKMFKZ2A, ЖСК KZ63070103KSN5817000, БИН 050140008413
Арыс қаласының қазынашылық басқармасы

160100, г. Арыс, улица Әл-Фараби, 3
тел.: 8 (72540)5-92-20 ГУ 4583505;
БИК KKMFKZ2A, ИИК KZ63070103KSN5817000, БИН 050140008413
Управление казначейства г.Арыс

_____№_____

_____

№40-01-16/800 от 23.10.2025

"АрнұрҚұрылысСервис" ЖШС

Арыс қаласының «Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесі *(ары қарай-Бөлім)* Сіздің 2025 жылғы 16 қазандағы №270395 сады өтінішіңіз бойынша «Жұмыстарды мемлекеттік сатып алу» №15466031-2 ашық конкурс тәсілімен өткізілген мемлекеттік сатып алу бойынша келесіні хабарлайды.

Заңның 11 бап, 1 тармағына сәйкес:

1. Әлеуетті өнім берушілерге және (немесе) тартылатын қосалқы мердігерлерге (бірлесіп орындаушыларға) мынадай біліктілік талаптары қойылады:

1) құқық қабілеттілігінің (заңды тұлғалар үшін) және азаматтық әрекетке қабілеттілігінің (жеке тұлғалар үшін) болуы;

2) қаржылық тұрғыдан орнықты болуы және республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің алты еселенген мөлшерінен асатын салық берешегінің болмауы.

Әлеуетті өнім берушінің қаржылық орнықтылығын веб-портал мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларында айқындалған тәртіппен кірістер, төленген салықтар, негізгі құралдар, еңбекке ақы төлеу қоры жөніндегі мәліметтер негізінде автоматты түрде айқындайды;

Қазақстан Республикасының заңдарында салықтарды төлеуден толық немесе ішінара босатылған салық төлеушілер санатына жататын әлеуетті өнім берушілер үшін мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларында қаржылық орнықтылықтың қосымша өлшемшарттары белгіленуі мүмкін.

Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру мақсаттары үшін негізгі құралдар мен еңбекке ақы төлеу қоры бойынша көрсеткіштерді қоспағанда, қаржылық орнықтылық көрсеткіштерін біріктіруге жол берілмейді.

Бұл ретте қайта ұйымдастырылатын заңды тұлғалар қызметінің негізгі түрі өткен жылдың алдындағы үш жыл ішінде (үздіксіз) экономикалық қызмет түрлерінің жалпы сыныптауышы құрылымының бірінші деңгейіне (секциясына) сәйкес келген жағдайда осындай біріктіруге жол беріледі;

3) банкроттық не таратылу рәсіміне жатқызылмауы;

4) шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті материалдық, еңбек және қаржы ресурстарының болуы, сондай-ақ жұмыскерлер алдында жалақы төлеу бойынша мерзімі өткен берешектің болмауы.

Жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуда тапсырыс беруші әлеуетті өнім берушіден шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету орны бойынша облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың шекараларындағы тиісті әкімшілік-аумақтық бірлікте тіркелген материалдық және еңбек ресурстарының болуын талап етуге құқылы;

5) жұмыс тәжірибесінің болуы.

Заңның 11 бап 4 тармағына сәйкес: *Әлеуетті өнім берушінің және (немесе) тартылатын қосалқы мердігердің (бірлесіп орындаушының) осы бапта белгіленген біліктілік талаптарына сәйкестігі тапсырыс берушіге, ұйымдастырушыға, бірыңғай ұйымдастырушыға осы Заңда және мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларында көзделген тиісті құжаттарды ұсыну арқылы не Қазақстан Республикасының ақпараттандыру туралы заңнамасына сәйкес мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелері арқылы расталады.*

"Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес рұқсаттың болуы, қызметті жүзеге асырудың басталғаны туралы хабарлама жіберу қажет мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырған жағдайда тапсырыс беруші, ұйымдастырушы, бірыңғай ұйымдастырушы әлеуетті өнім берушілерге және (немесе) тартылатын қосалқы мердігерлерге (бірлесіп орындаушыларға) тиісті рұқсаттың (хабарламаның) болуы туралы талапты белгілеуге міндетті.

Мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінде мәліметтер болмаған жағдайда әлеуетті өнім беруші және (немесе) тартылатын қосалқы мердігер (бірлесіп орындаушы) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес алынған (жіберілген) тиісті рұқсаттың (хабарламаның) нотариат куәландырған немесе электрондық көшірмесін ұсынады.

Аталған мемлекеттік сатып алу ағымдағы жөнеорташа жөндеу жұмыстарына жатпайтынын атап өткен жөн. Сатып алу нысаны *«Арыс*

қаласында ғимараттың техникалық жағдайын жақсарту» болып табылады.

Өтініште көрсетілген негіздемелерді зерделеу барысында біліктілік талаптарында *(11 қосымша)* Сізбен материалдық және еңбек ресурстарының ұсынылмағаны анықталды.

Әкімшілік рәсімдік-процестік Кодекстің 91бабына сәйкес Сіз әкімшілік (сотқа дейінгі) тәртіппен әкімшілік актіні қабылдауға байланысты емес әкімшілік актіге, әкімшілік әрекетке (әрекетсіздікке) шағым жасауға құқылысыз.

Заңның 25 бап 6 тармағына сәйкес дауларды сотқа дейінгі реттеу тәртібі міндетті болып табылады.

.

Бөлім басшысы Ж.Турсумбеков

Исп.Қ.Жабақ
8-72540-5-92-06